

ӘОЖ 345 026

М.М. Иманбекова

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, заң факультеті, PhD докторант, Қазақстан, Түркістан қ.  
E-mail: mika2209@mail.ru

### Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет және оны іс жүзіне асырудың құқықтық негіздері

Инновация, жаңа құқықтық ұғым және инновацияны зерттеудің теоретикалық негізінде жазылған зерттеулердің аздығына байланысты шешілмеген мәселелердің көп екендігін көрсетеді. Соның бірі инновация түсінігі, инновациялық үдерістің мазмұны, инновациялық қызметтің тиімділігінің арнайы бағалануы, оның мемлекеттік экономиканың дамуына ықпалы, осы салаға байланысты ұлттық және аймақтық жағынан құқықтық реттелуі, инновацияны қаржыландыру, инновациялық бағдарламалар мен жобалар, инновациялық-индустриалдық дамудың конституциялық-құқықтық негіздері жөніндегі мәселелер қазіргі кезге дейін құқықтық зерттеу аясынан тыс қалғандығын байқауға болады. Инновация дегеніміз – өндірістің және қоғамды басқарудағы түрлі салаларға енгізілетін, экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, құқықтық, экологиялық тұрғыдан маңызды, зияткерлік меншік объектісі болып есептелетін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің жаңа немесе технологиялық жағынан жетілдірілген үдеріс түріндегі жаңа өнім, тауар, қызмет.

*Түйін сөздер:* Ұлттық инновациялық қор, құқықтық негіздер, Конституция, кодекс, стратегия.

M.M. Imanbekova

### Legal bases of innovative activity and its implementation in the Republic of Kazakhstan

This article deals with the questions concept an innovation, value of the innovative process, a special assessment of profitability of innovative service, its influence on development of the state economy, the national and regional legal streamlining connected with this area, innovation financing, innovative programs and projects, constitutional and legal bases of innovative and industrial development .

*Keywords:* National and innovative fund, Legal bases, Constitution, Code, Strategy.

M.M. Иманбекова

### Правовые основы инновационной деятельности и ее внедрения в Республике Казахстан

В данной статье рассматриваются понятие “инновация”, значение инновационного процесса, специальная оценка рентабельности инновационной службы, ее влияние на развитие государственной экономики, национальное и региональное правовое упорядочение, связанное с этой областью, финансирование инновации, инновационные программы и проекты, конституционно-правовые основы инновационно-индустриального развития.

*Ключевые слова.* Национально-инновационный фонд, Правовые основы, Конституция, Кодекс, Стратегия.

---

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: “Сегодня всему миру и каждому государству важно найти ответы на

мощные глобальные и внутренние вызовы. Выполнив задачи по десяти направлениям социально-экономической модернизации, мы укрепим

экономику, сделаем стабильным наше общество, повысим благосостояние нашего народа. Социальная модернизация – это центральный вопрос деятельности нового Парламента и Правительства...”, – деді [1]. Сондықтан еліміздің экономикалық даму үлгісіне инновациялық даму жатады. Өйткені Конституцияда бекітілгендей, “Республика қызметінің түбегейлі принциптері – бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму”.

Н.Ә. Назарбаев “Нұр Отан” партиясының XII съезінде: “Біз 2010 жылдың бірінші қаңтарынан бастап “Қазақстан-2030” Стратегиясының аясында индустриялық-инновациялық жедел даму бес жылдығын бастаймыз. Біз әлемнің барлық мемлекеттерінде өткен ғасырдың басында болған индустрияландыру емес, инновациялық индустрияландыру туралы айтып отырмыз. Біздің индустрияландыру әлемдік экономиканың қазіргі даму ғұрпына сәйкес болуы тиіс”, – деді. Сондықтан инновациялық даму, конституциялық-құқықтық құрылыстың бір элементі ретінде болғандықтан, инновацияны енгізу кезінде, ең алдымен, адам құқықтары мен бостандықтарының аясын анықтау, инновациялық қызмет еркіндігінің конституциялық негізін түсіну мен оның басқа құқық салаларымен реттелу ерекшелігін толық мойындауға мүмкіндік жасалынады. Экономикалық даму халық игілігіне бағытталып, азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келмеуін көздейді. Өндірісті инновациялық дамыту процесіндегі басты қағидаға жататын білім сыйымдылығы болғандықтан, инновацияны өндіріске енгізіп пайдалану нәтижесінде жұмысшыларды соған байланысты қысқарту болмауы керек. Демек, жұмыссыздыққа инновациялық талапты енгізу кедергі болмауы көзделуге тиісті.

Мақсатымыз – Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің конституциялық-құқықтық негіздерін ғылыми тұрғыдан анықтау. Біздің ойымызша, бұл мақаланы осы бағыттағы алғашқы ғылыми теориялық ізденістердің қатарына жатқызуға болады.

Инновация, жаңа құқықтық ұғым және инновацияны зерттеудің теоретикалық негізінде жазылған зерттеулердің аздығына байланысты шешілмеген мәселелердің көп екендігін көрсетеді. Соның бірі – инновация түсінігі, инновациялық үдерістің мазмұны, инновациялық

қызметтің тиімділігінің арнайы бағалануы, оның мемлекеттік экономиканың дамуына ықпалы, осы салаға байланысты ұлттық және аймақтық жағынан құқықтық реттелуі, инновацияны қаржыландыру, инновациялық бағдарламалар мен жобалар, инновациялық-индустриалдық дамудың конституциялық-құқықтық негіздері жөніндегі мәселелер қазіргі кезге дейін құқықтық зерттеу аясынан тыс қалғандығын байқауға болады.

Инновация дегеніміз – өндірістің және қоғамды басқарудағы түрлі салаларға енгізілетін, экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, құқықтық, экологиялық тұрғыдан маңызды, зияткерлік меншік объектісі болып есептелетін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің жаңа немесе технологиялық жағынан жетілдірілген үдеріс түріндегі жаңа өнім, тауар, қызмет. Оған арналған құқықтық нормалар өзінің нормативтік базасымен қамтамасыз етіліп, инновация аясындағы Қазақстан Конституциясына негізделген кешенді мемлекеттік басқару институты бар жеке заңнамалық салаға жатады. Ал инновациялық қызмет дегеніміз конституциялық кәсіпкерлік қызмет еркіндігінен бастау алады және осы конституциялық құқықтың іске асуының экономикалық қатынастардағы кең таралған және жүйелілігімен қолдау тапқан әмбебап нысанға жатады. Сонымен қатар ол экономикалық қатынастардың даму бағыты мен деңгейі, нысаны ретінде осы саланы реттеуге арналған конституциялық принциптер мен нормалар талаптарының аясында іс жүзіне асырылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі №97 және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2004 жылғы 6 сәуірдегі №80 «Инновациялық (венчурлық) өндіріс жасау кезінде техника мен технологиялардың патенттік тазалығына сараптама жүргізу жөніндегі ережесіне сәйкес, инновациялық қызмет – нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестікке қабілеттілік үшін пайдаланылатын өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына жаңа идеяларды, жаңа білімдерді, технологияларды және өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет» [2].

Түрлі қоғамдық қатынастар адам қызметінің кез келген саласында қалыптасатындығын айтып өткен жөн. Инновациялық қызмет те осыған тән. Біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық қызмет туралы нормалардың жиынтығын құқықтың кешенді саласы ретінде емес,

заңнаманың кешенді саласы ретінде тануға болады. Өйткені заңнаманың саласына қарағанда, құқықтың саласы өзінің бірыңғайлығының жоғары дәрежесімен анықталады.

Құқықтың әр саласында оның өзіне ғана тән пәні және құқықтық реттелуінің әдісі бар. Ал заңнаманың салалары мұндай бірлескен бастауларға ие емес. Инновациялық қызмет кәсіпкерлік қызмет аясында жүзеге асырылады және оның бір институты бар.

В.Н. Протасовтың жазуынша, «құқықтық институт құқық саласының пәніндегі белгілі орнының тұтастай реттелуін қамтамасыз ететін заң нормаларының алғашқы жалпылығын білдіреді» [3].

А.Б. Венгеровтің пікірінше, құқықтық институттар оларға тиесілі қоғамдық қатынастардың түрлерін кешенді, жан-жақты реттеуге, қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді [4].

В.А. Копылов институтты құқықтық саланың ішкі белгіленген аймағындағы бірыңғай қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың өзара байланысты және өзара келісілген тобы ретінде қарастырады [5].

В.А. Дозорцевтің айтуынша, «жаңа құқықтық институттардың пайда болуының констатациясына жоғары қауіппен келу керек. Оның басқа категориялармен байланысты орнатпай-ақ, жаңадан пайда болған категорияны ерекше түрдегі жеке категория ретінде жариялау жеңілдірек болады. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тәсілдерінің жиынтығы шектеулі болса да, жеткілікті түрде кең және де оның мақсаты оны шексіз көбейтуді жалғастыру емес, қазір барды мүмкіндігінше максималды түрде қолдану. Қазір бар категорияларды қолдану, тіпті, оларды жаңа жағдайға бейімдеудің өзі құқықтық тұрақтылықтың кепілі» [6].

С.С. Алексеевтің әділ көрсетуінше, көптеген оқиғалар қатарында фактілік қарым-қатынас әсерінен қазіргі күнгі құқықтық дамуда «заңи мутация» жүріп жатыр, құқықтағы танымал сапалы жаңа құбылыстар: қазіргі жүзеге асқан (еңбек құқығы, отбасы құқығы, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығының қалыптасуы) не қазіргі жағдайларға сай жүріп жатқан (жекеменшік құқық, экологиялық құқық, ақпараттық құқық, инновациялық құқық және т.б. заң жүйесінің кешенді бөлімдері сияқты кешенді де заңды өзгеше құбылыстар). Біздің ойымызша, инновациялық құқық саласы ретінде дамуы тиіс [7].

И.В. Амирханованың дұрыс көрсетуінше, аймақтардың өзара бірігуі әрқашан болды және болады, уақыт өтісімен осы үрдіс әрі қарай өседі, «құқық аймағының» классикалық емес анықтамасы «кешенді құбылысқа» трансформацияланбауы керек [8].

Жоғарыда аталған анықтамалар мен түрлі ой-пікірлерді қарастыра отырып, өз тарапымыздан инновацияға мынадай анықтама беруді жөн көрдік және бұл анықтама толығырақ түрде және инновациялық қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына өзгеріс енгізілуі қажет деп санаймыз. Біздің ойымызша, инновация – өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан маңызды, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс түріндегі нәтиже. Біздің бұлай анықтама беруіміз, біріншіден, инновацияның жаңа немесе жетілдірілген технология нәтижесі екендігін міндетті түрде анықтау. Инновация, жоғарыда атап өткеніміздей, жаңа технологияны енгізу немесе бұрыннан бар технологияны жетілдіру арқылы енгізу болып табылады.

Екіншіден, инновация әлеуметтік, экологиялық, экономикалық тұрғыдан тиімді болуы қажет. Инновацияның экологиялық жағдайы туралы жоғарыда қарастырған болатынбыз. Ал экономикалық тиімділігі әсіресе қазіргі кезде экономикалық дағдарыс кезінде қатаң ескеретін талап.

Инновациялық қызметті құқықтық реттеу сұрақтары нормативтік актілердің қолданылу ережелеріне сәйкес реттеліп отырады.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қатынастардың дамуымен заң шығарушы база да қайта өңделді. Инновацияның дамуындағы маңызды реттеуші нормативтік-құқықтық актілердің жүзеге асуы болып табылады. Инновациялық қызметке қатысты заңнамалар белгілі бір жүйені құрайды. “Нормативтік құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, заң актілеріне конституциялық заңдар, конституциялық заң күші бар Президенттің жарлықтары, заңдар, кодекстер, заң күші бар Президент жарлықтары, ҚР

Парламентінің жарлықтары, Сенат пен Мәжіліс қаулылары жатады [9]. Заңшығарушы шығарған заңнамаларымыз кей кезде тез қабылданып, ал кей кезде кенеттен өзгеріп, жалпы тұрақты емес сипатта болады. Инновациялық қызметті басқаратын нормативті-құқықтық құжаттарға: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі; Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі; Қазақстан Республикасының Салық Кодексі; Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы; 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық Стратегиясы; «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңы; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы; «Ұлттық инновациялық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы №502 Қаулысы және т.б. болып табылады. Бұлардың барлығы құқықтың қайнар көзі. Құқықтың қайнар көзі заң әдебиеттерінде кең және арнайы мағынада қолданылатынын ескере отырып, кең мағынада құқықтық нормалардың пайда болуына әсерін тигізетін базистік фактор, арнайы мағынада құқықтық нормалардың өмір сүру нысандары, ресми көріністері [10, 192 б.].

Инновациялық қызметпен айналысатын субъектілер өздерінің бастамасымен жаңашылдықты қалыптастыру жөніндегі осы немесе өзге жобаларды жүзеге асырады. Сондай-ақ кәсіпкер ретінде субъект берілген өнімді жүзеге асырудан келетін кірісті алуға мүдделі болып табылады және де осымен байланысты оның әрекетінің бостандығы, әрине, заң шеңберінде кең болып келеді. Кәсіпкер нарықтың талаптарын басшылыққа ала отырып, сұранысты қанағаттандыратын жаңа енгізілімдерді құруға тырысады. Инновациялық қызмет – шаруашылық айналымды қамтамасыз етумен байланысты интеллектуалдық, инжинирингтік, кеңес беру, патенттік-лицензиялық, ақпараттық және басқа да ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі болып табылатын кәсіпкерлік қызметтің түрі.

Инновациялық қызмет анықтамасына заң шығарушы бірден келген жоқ. «Инновациялық қызмет туралы» заңның (бүгінде бұл заң күшін жойған) 1-бабында инновациялық қызмет –

нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет ретінде анықталды және инновациялық қызмет анықтамасы енгізу қызметі тиімді экономикалық нәтиже беретін қызмет ретінде түсіндірілді.

Болашақта экономикалық тиімді болатын жаңаны өңдеуге қатысты ғылыми қызметті инновациялық қызметке жатқызуға бола ма? Жоғарыда қарастырып кеткен анықтаманы ескерсек, бұл мүмкін емес, ал жаңа идеялардың, ғылыми білімдердің түсініктерін тереңірек қарастырсақ, егер де экономикалық тиімді нәтиже берсе, ғылыми қызметті инновациялық кәсіпкерлік қызмет ретінде түсінуге болады. Бұл жерде ойланатынымыз – экономикалық тиімділікті анықтау критерийлері.

Қазіргі кезде инновациялық қызметтің заңдық түсіндірмесі зияткерлік меншік объектісі ретінде қарастырылады. Ал өз кезегінде интеллектуалдық меншік адам дамуының және ілгерілеудің қажетті және негізгі элементі.

Интеллектуалдық меншік түсінігін халықаралық-құқықтық, қазақстандық ұлттық құқықтың қайнар көздерінен табуға болады. Бұл Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің нормаларынан бастау алады.

Өндірістік меншік объектілерінің барлығы енгізушілік қабілетіне ие болмайды, мысалы, дараландыру құралы инновация болуы мүмкін емес.

Қолдану мүмкіндігі мен енгізудің экономикалық тиімділігі бір түсінік пе? Біздің ойымызша өндірістік қолдану, экономикалық тиімділік, әлеуметтік және экологиялық маңыздылық сәйкес келмейді. Экономикалық тиімділік дегеніміз – «бағалау түсінігі». Қазақстанда азаматтық құқықтағы бағалау әдісінің концепциялары А.Г. Диденкомен өңделуде [11, 37 б.]. Инновацияны анықтау дегеніміз оны тек экономикада қолдану фактісі ғана емес, енгізілетін интеллектуалдық меншік объектілерінің инновация ретіндегі тиімді экономикалық, әлеуметтік, экологиялық маңыздылығын ескеруіміз қажет.

«Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заң (инновациялық қызмет – инновацияларды өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізу арқылы пайдалану) тар мағынада берілген түсінік.

Біріншіден, бұл нақты объектімен, интеллектуалдық меншік объектілерімен байланысты.

Екіншіден, бұл объектілерді енгізуден экономикалық, әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болуы тиіс.

Үшіншіден, бұл енгізу қызметімен тар байланыстағы ұғым. Соңғысына байланысты инновациялық қызметке енгізуден басқа инновацияны өңдеу қызметінің де қажет екенін естен шығармауымыз қажет. С.З. Зимановтың пайымдауынша, заң ғылымында түсініктерді дамыту және нақтылау, ескі түсініктерді жаңа түсініктермен ауыстыру, себебі алғашқылары өзгерген нақты қатынастарды қамти алмайды және енгізе алмайды, бізге белгілі немесе жаңа түсініктерді анықтау арқылы бұл түсініктерді қалыптастырамыз, алып тастаймыз [12, 76 б.].

Й. Шумпетер кәсіпкерлікті экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде қарастыра отырып, кәсіпкерлікті жаңаны енгізуге негізделген инновациялық қызмет ретінде қарастырады [13, 456 б.].

Ал келесі белгі ретінде қарастыратын тәуекел Б.Н. Мезриннің айтуынша, орташа мүмкін болатын қолайсыз әлеуметтік нәтиже. Сонымен қатар ғалым тәуекелдің дәрежесін де сипаттайды, яғни үлкен немесе кіші зиянның болу мүмкіндігі [14, 192 б.].

Ғалым О.А. Пастухин тәуекелді кенеттен болатын қауіп ретінде мүліктік игіліктердің бүліну немесе құру қауіпі, бұны заң нақты құқықтық салдардың туындауы ретінде байланыстырады деп қарастырып кеткен.

В.А. Ойгензих тәуекел-субъективтік категория және ол кінәмен қатар өмір сүреді, сонымен бірге өмір сүруі мүмкін болатын субъектінің өзінің әрекеттерінің нәтижесіне психикалық қатынасы ретінде тұжырымдайды [15, 224 б.].

Инновациялық қызметтің бастамасы инновациялық жобамен байланысты екендігін ескерсек, кез келген инновациялық жобаларды жүзеге асыру материалдық, қаржылық қаражаттардың

жұмсалуды қажет етеді. Бұл барлық жағдайда тәуекелмен байланысты, себебі біз алдын ала қай жоба коммерциялық болуы мүмкін немесе жаңа өнімге әр кезде тұтынушы табыла ма жоқ па білмейміз. Яғни жоғарыда атап өткендей, инновациялық тәуекел орын алады. Инновациялық тәуекел – кәсіпкердің өндіріске жаңа өнімді, қызметті шығару немесе ескіні өңдеу кезінде нарықта күтілген нәтижеге сұраныстың болмауынан салынған қаражаттарды жоғалту тәуекелі ретінде заңнамаға енгізуіміз қажет.

Кейбір авторлар инновациялық кәсіпкерлікте келесідей тәуекелдің түрлерін қарастырып өтеді: қате инновациялық жобаны таңдау тәуекелі; инновациялық жобаның қажетті қаржыландырылмау тәуекелі; инновациялық жобалардың нәтижесін өткізудегі маркетингтік тәуекел; инновация нәтижесіне байланысты шарттарды орындамау тәуекелі; болжанбаған шығындар тәуекелі; кірістің азаю тәуекелі; бәсекелестіктің күшею тәуекелі; инновациялық жобаға меншік құқығын қамтамасыз етумен байланысты тәуекел. Инновациялық тәуекел өндіру сатысында да, жүзеге асыру сатысында да болуы мүмкін. Алғашқысында өндіріс мақсатына жетпейді, жоспарланған жаңа жасалмауы немесе жасалған өнім жаңа болмауы мүмкін. Екінші жағдай бойынша инновациялық өнімге тұтынушылардан сұраныс болмауы мүмкін немесе болса да күтілген нәтиже бермеуі мүмкін.

Біздің ойымызша, кез келген ғылыми-техникалық жетістіктің пайда болуы ғылыми зерттеудің жасалуынан басталады. Жаңа өнімнің болашағы, әсіресе осы кезеңге байланысты. Сондықтан да олардың белгілі бір жаңа енгізілімдерді жүзеге асыруға бағытталмағандығы туралы айту, біздің ойымызша қате болып есептеледі. Өйткені көрсетілген жұмыстар жаңа енгізілімдерді жасауға бағытталған болғандықтан, оларды инновациялық қызметтің бір түрі деп мақұлдаймыз.

## Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012. BNEWS.KZ.
- 2 Қазақстан Республикасының 04 шілде 1992 жылғы № 1543-ХІІ заңы «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» (күшін жойған) // Параграф анықтама жүйесі.
- 3 Протасов В.Н. Теория права и государства. Проблемы теории права и государства: Вопросы и ответы. – М.: Новый юрист, 1999. – 240 с.

- 4 Венгеров А.Б. Теория государства и права: учебник для юр. вузов. – М.: Новый юрист, 1998. – 624 с.
- 5 Капылов В.А. Информационное право: учебник. – М.: Юрист, 2002. – 512 с.
- 6 Дозорцев В.А. Законодательство и научно-технический прогресс. – М.: Юрид. лит., 1978. – 192 с.
- 7 Алексеев С.С. Право: азбука теория философия: Опыт комплексного исследования. – М.: Юрист, 2002. – 512 с.
- 8 Ойгензихт В.А. Проблема риска в гражданском праве (часть общая). – Душанбе: Ирфон, 1972. – 224 с.
- 9 Қазақстан Республикасының 24 наурыз 1998 жылғы № 213-І «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңы//Параграф анықтама жүйесі.
- 10 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). – Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
- 11 Диденко А.Г. Оценочные понятия в гражданском законодательстве //Гражданское право: Сборник статей. Общая часть. – Алматы: ИПЦ КазГЮУ, 2003.
- 12 Зиманов С.З. О понятиях в теории государство и права // В кн., Актуальные проблемы теории социалистического государство и права. – М., 1974.
- 13 Шумпетер И. Теория экономического развития //пер. с нем. В.С. Автономова, М.С. Любского, А.Н. Чепуренко, общ. ред. А.Г. Милейковского. – М.: Прогресс, 1982.
- 14 Мерзин Б.Н. О юридической природе риска в советском гражданском праве // Гражданское право. Сб.учен. тр. – Свердловск, 1974.
- 15 Медынский В.Г., Скамай Л.Г. Инновационное предпринимательство: учеб. пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002.

### References

- 1 Kazakhstan Prezidenti N.A. Nazarbaev 2012 zhyly 27 kantardagy «Aleumettik-Ekonomikalyk zhangyrtu – Kazakhstan damuynyn basty bagyty» atty Kazakhstan khalkyna Zholdaу. 27.01.2012. BNEWS.KZ.
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn 04 shilde 1992 zhyly № 1543-XII zany «Shagyn kasipkerlikti memlekettik koldau turaly» (kushin zhoigan) // Paragraf aniktama zhuiesi.
- 3 Protasov V.N. Teoriya prava i gosudarstva. Problemy teorii prava I gosudarstva: Voprosy I otvety. – М.: Novyy yurist, 1999. – 240 s.
- 4 Vengerov A.B. Teoriya gosudarstva i prava: uchebnik dlya yur. Vuzov. – М.: Novyy yurist, 1998. – 624 s.
- 5 Kaplyov V.A. Informatsionnoe pravo: uchebnik. – М.: Yurist, 2002. – 512 s.
- 6 Dozortsev V.A. Zakonodatel'stvo I nauchno-tekhnicheskiy progress. –М.: Yurid. Lit, 1978. – 192 s.
- 7 Alekseev S.S. Pravo: azbuka teoriya filosofiya: Opyt kompleksnogo issledovaniya. – М.: Yurist, 2002. – 512s.
- 8 Oigenzikht V.A. Problema riska v grazhdanskom prave (chast' obshchaya). – Dushanbe: Irfon, 1972. – 224 s.
- 9 Kazakhstan Respublikasynyn 24 nauрыз 1998 zhyly № 213-І «Normativtik-kukuktuk aktiler turaly» Zany// Paragraf aniktama zhuiesi.
- 10 Kenzhaliev Z.Zh. Koshpeli kazak kogamyndagy dasturli kukuktuk madeniet (teorialyk maseleleri, tarikhi tagylymy). – Almaty: Zheti Zhargy, 1997.
- 11 Didenko A.G. Otsenochnye ponyatiya v grazhdanskom zakonodatel'stve //Grazhdanskoe pravo: Sbornik statey. Obshaya chast'. – Almaty: IPTS KazGYUU, 2003.
- 12 Zimanov S.Z. O ponyatiyakh v teorii gosudarstvo i prava // V kn., Aktual'nye problemy teorii sotsialisticheskogo gosudarstvo i prava. – М., 1974.
- 13 Shumpeter I. Teoriya ekonomicheskogo razvitiya //Per. s nem. V.S. Avtonomova, M.S. Lyubskogo, A.N. Chepurenko, obshch. Red. A.G. Mileikovskogo. – М.: «Progress» 1982.
- 14 Merzin B.N. O Yuridicheskoy prirode riska v sovetskom grazhdanskom prave// grazhdanskoe pravo. Sb.uchen. tr. – Sverdlovsk, 1974.
15. Medynskiy V.G., Skamai L.G. Innovatsionnoe predprinimatel'stvo: ucheb. posobie dlya vuzov. – М.: YUNITI-DANA, 2002.